

## «САБЫР ҚАЗЫБАЙҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДУЛЫ МҰРАСЫНЫҢ ТАРИХИ-ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ»

Қадыржан Бекарыс Нысанұлы

[aiapova-1969@mail.ru](mailto:aiapova-1969@mail.ru)

Қазақ тілі мен әдебиеті ББ 4 курс студенті

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі, ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор – Аяпова Г.Б.

Сабыр Қазыбайұлы – қазақ әдебиеті тарихынан көп жылдар бойы дәріс оқып, әдебиеттің өзекті мәселелеріне әр уақыт үн қосып, баспасөз беттерінде, арнайы монографиялық зерттеулеріне арқау еткен көрнекті әдебиеттанушы – ғалым, ұлағатты ұстаздық қызметін ғылыми зерттеу бағыттарымен ұштастыра отырып, тынбай сүбелі еңбек жасаған зерттеуші.

С.Қазыбайұлы қазақ әдебиеті тарихынан белгілі тұлғалар мен қаламгерлердің шығармашылық жолын жүйелі зерттеулер нысанына айналдырды. Өткен уақыттың қайсыбір саяси қыспағынан арылған қазіргі таңда С.Қазыбайұлы шығармашылығының ашылмаған қырларын жаңа көзқараспен зерделей отырып, ғалым мұрасын, ғылыми айналымға ендіру – бүгінгі күн талабынан туындаған өзекті мәселелердің бірі екендігі даусыз.

Ғалым-ұстаз 2014 жылы «Әдебиет жайлы ойлар» атты басылып шыққан мақалалар жинағында Халел Досмұхамедұлы туралы екі мақаласын жарияланған. Екі мақалада 1994 жылы Халел Досмұхамедұлының 110 жылдығына орай жарияланған. Мақалалар облыстық «Атырау» газетіне жарияланған.

Алғашқы мақала атауы – «Халел және Кенесары».

Мақала әмбебап ғалымның өмірбаянымен басталған. «Атырау облысы, Қызылқоға ауданында 1883 жылы дүниеге келіп, 1939 жылы әскери трибунальдың үкімімен атылғаны, кейін 1958 жылы күнәсі жоқтығы анықталып, ақталғаны қазір халыққа мәлім» [1,78] деп, оқыған кезеңнен ғылымға ұласқан қадамын санамалай беріп, ұлтымызға қызмет етуге ұмытылған жастың алғашқы қадамдарын нақтылай баяндайды.

Біз қарастырып отырған ұстаз-ғалым С.Қазыбайұлы да Халел сынды ғұламамен туған жер топырағы ортақ болып табылатын қасиетті Қызылқоға жерінен болатын. С.Қазыбайұлының өз қолымен жазылған өмірбаян беттеріне тоқталсақ, 1914 жылы қазіргі Атырау облысы, Қызылқоға ауданының тоғызыншы ауылында дүниеге келген. Қарапайым малшының отбасында дүниеге келгенімен, жастайынан білімге ынтызар болып өсіп, алдымен ауылдық мектепте кейін, аудан орталығындағы оқу орындарында бастауыш мектепті аяқтайды. Өңірге белгілі атақты ұстаз Науанов Аяпбергеннің шәкірті Ордабай деген жас баламен ойнай жүріп, 1921 жылы жәдитше хат таниды.

«Мен туып-өскен Қызылқоға ауданында жиырмасыншы жылдардың басында Қызылқоға, Кермекас, Қаракөл, Қарабау бастауыш мектептері болған еді. Осы төртеуінде үш жүздей бала оқыды. Ал мұғалімдері ора білімді, бірқатарсақа мерзімді курстан өткен жастар болатын» [2, 99].

Өткен ғасырдың бас кезіндегі ұлтымыздың басына түскен нәубет Қазыбайдың отбасына да кері әсерін тигізеді. Алдымен ашыршылық, одан соңғы асыра сілтеудің ызғарлы лебі аз-кем шаруасы бар отбасына қырсығын тигізіп қана қоймай, М.Мөңкеұлы айтқандай «елден ауа кешеді».

Қазақ әдебиеті тарихы – ел әдебиетіне жанашырлықпен қарап, жоғын түгендеп, барын халқының қолына жеткізуге тырысқан екі ғалымның да арман-мақсаты бірдей көрінетіндей.

Х.Досмұхамедұлы 1903-1909 жылдары Санкт-Петербургтегі Әскери-медициналық академияны аяқтап, 1913 жылы әскери қызметтен мойны босап, дәрігерлік мамандығы бойынша туған халқына адал қызмет көрсетеді. «Халел өзімен фамилиялас Жаншамен бірге 1917 жылы құрылған «Алашорда» өкіметінің Батыс-Қазақстан бөлімін басқарып, ол өкімет жойылған соң, 1920 жылдан бастап, 1930 жылы Воронеж қаласына жер аударылғанға шейінгі он шақты жылда Қазақ автономиясына айрықша ынтымақпен еңбек сіңіреді. Сонымен алғашқы

қазақ оқымыстыларының бірі, белгілі қоғам қайраткері, ауыз әдебиетін зерттеуші Халелдің ғылым-білім саласындағы еңбегі ғасырымыздың жиырмамыншы жылдарында нәрлі жеміс берген еді» [1,80].

Қысқаша өмірбаянынан соң С.Қазыбайұлы әдебиетке қатысты еңбектеріне тоқталып, Х.Досмұхамедұлының 1923 жылы «Кенесары-Наурызбай» және «Қыз Жібек» дастандарын кітап етіп шығарып, редакторлық қызметін де қоса атқарғанынан нақты хабардар етеді. Х.Досмұхамедұлының «Кенесары-Наурызбай» дастанын жариялаудағы өзінің пікіріне тоқталайық. ««Кенесары-Наурызбайдың» Алатаудағы соғысы туралы Нысанбай ақынның шығарған өлеңі бүтін қазақ арасына жайылулы. Дұрысталып тасқа басылып шыққан соң, Нысанбайдың өлеңі өзгертіліп, әр жерде әр түрлі айтылады. Ел ішінде жүрген өлеңдердің көбі қырғызды жамандап, мұқатып, кемітіп, орынсыз қазақты мақтайды, екі рудың арасына орынсыз ала көңілділік кіргізеді» [3,90] деп Х.Досмұхамедұлы дастанды жариялаудағы мақсаттарын былай деп атап көрсетеді. 1) Алатаудағы соғыс туралы Нысанбай ақынның шығарған сөзінің дұрыс нұсқасын беру; 2) Ел арасындағы Нысанбай сөзі аталып, артық айтылып жүрген сөздердің әсерін жою; 3) Мектептерде оқытылатын ана тілі үшін тарихи поэманың нақты сипатын ұсыну және түсіндіру; 4) Ел арасынан жиналып алған халық әдебиетінің нақты нұсқасында халыққа жетуін жолға қою.

Бір ғана «Кенесары-Наурызбай» дастанына қатысты Х.Досмұхамедұлының ғылыми көзқарасына мән берсек, халық әдебиетіне деген ең алдымен жанашырлық, екіншіден ғылымға деген таза, шийынайы көзқарасты ұстануын бағамдаймыз. Әдебиет ел арасынан жиналып алынғанымен, туындыда да ел тарихы қоса өрілгенін, сол себепті қазақ халқының жүріп өткен жолының тарихи тағылымын да дұрыс жолда келер ұрпаққа жетуіне мән бергенін байқаймыз. Себебі, қазақ халқының тарихы жыраулар поэзиясымен кеңінен жеткені мәлім. Асан қайғыдан басталған жыраулық поэзия жаңғырығы он бесінші ғасырдан бастап, он сегізінші ғасырға дейін ел тәуелсіздігін ту еткен, ертеңгі келер ұрпақ үшін тарих дөңгелегінің жүріп өткен әр жолына шындықты қоса ерттеп, суырып салма дәстүрде толғанғаны белгілі.

С.Қазыбайұлы мақаласында Х.Досмұхамедұлының дастандарды кітап етіп шығаруда Кенесары туралы тарихи анықтаманы алдымен Ашамайлы Керейт Нысанбай ақынның тарихи дастанынан және Жетісу өңірін аралағанда ел адамдарынан алған деректерінен, Шәкәрім Құдайбердіұлының тарихи шежіресіне сүйенгеніне нақты тоқталады. Яғни, Х.Досмұхамедұлы дастандарды кітап етіп шығармастан бұрын, ондағы тарихи кейіпкерлер туралы өзі де тереңнен қарастырған.

Ал С.Қазыбайұлына жоғарыдағы мәліметтер 1993 жылы еларалық апталық «Шалқар» газеті арқылы жеткен екен. Онда «Кенесары өмірінің ақыры» атты мақала жарияланған. «Біз Халелдің тарихи мұрасымен таныстыру үшін, сол келелі толғаныстың мазмұн жүйесін сақтай отырып, өзекті әңгіме түрінде баяндаймыз» деп С.Қазыбайұлы Х.Досмұхамедұлының тарихи кезеңді індетте зерттеген ғылыми жолына тоқталады. Х.Досмұхамедұлы Кенесарының ата-тегін Еңсегей бойлы ер Есімнен бермен қарай таратып: Есім – Салқам Жәңгір – Уәли бақы – Қан ішер Абылай – Көркем Уәли – Мәнсүр. Осы арада Абылайханға тоқталады. Жәңгір хан өлген соң, хандыққа таласып Тәукеден жеңіліп қалған Уәли бақы нағашысы Хиуа ханына кетеді. Оның баласы Қанішер Абылайдың жалғыз Уәли өлген соң, жетім қалған жас бала Мәнсүр Хиуаны тастап, өзінің қазақ еліне келеді. Мәнсүр өз жөнін айтпай, Сабалақ атымен жалшылықта жүріп өседі. Жасы 17-ге жеткенде, қалмақ ханы Галдан Сереннің жақыны Шарыт батырды жекпе-жекте өлтіріп және «Абылайлап» ұран салып, қалмақ қолына шапқан қайраты мен ерлігіне қарай, оның кім екендігі сұралады. Сонда барып, Сабалақ атанып жүрген Уәли бақының шөбересі Мәнсүр екені анықталды.

Сол кездегі қазақтың ұлы ханы Әз Тәукенің немересі Әбілмәмбет айтады: «Менің атам әуелде осының атасына зорлық қылып, тағын алып еді. Енді мұны мен бала қылып алайын. Менің соңымнан осы хан болсын», деген өтінішін қолдайды. Сонымен Сабалақ аты қалған Мәнсүр Абылай аталады.

С.Қазыбайұлы Х.Досмұхамедұлының үш жүздің басын қосқан Абылай хан туралы зерттеулерге мән бергенін, қазақтың тарихын түгел бір негізде шежірелік сипатта жіктеуге бет

бұрғанына да тоқталады. «Осы арада Халелдің біраз сөзі Абылайға арналады: «Әбілмәмбет тірі күнінде-ақ Абылай хандық құра бастайды... Абылай Әбілмәмбетке бағынады. Көбіне орта жүзге хан болады. Абылай ақылды, ер, батыл, айлакер адам болған... «Саған бағынам, саған бағындым» – деп, бір жағынан орысты алдап, бір жағынан Қытайды алдап, екі күшті өкіметтің арасында шынында да өзі еркі өзінде болып тұрды. Ешкімге бағынбайды. Қонысқа таласып Абылай қырғыздармен де соғысып, ақыры Алатаудың қыры екі жұртқа шекара болды. «Абылай аспас-асу» деген сөз содан қалады» [1, 80].

Абылай ханға кеңірек тоқталғанын С.қазыбайұлы одан әрі тарқата келіп, Абылай 1781 жылы 70 жасында өліп, сүйегі Қожа Ахмет Яссауи жанында жерленгенін тоқталып, одан әрі ұрпақтарына, яғни балалары туралы да баян етеді. Отыз ұлы болған Абылайдың Уәли деген баласы орысқа бағынып, орта жүзге хан болғандығын, бірақ қол астындағы елі ырза болмағандығын, бірақ халық хан көтерген Абылайдың Ғұбайдолла деген баласы он жылдай орысқа көнбегей күрескенін, бірақ, Ғұбайдолла қаза тапқаннан кейін, орыстың салдары күшейгенін, осылайша хан Абылайдың тұқымы екі жаққа бөлініп, «Бір бөлегі Уәлиді бас қылып, орысқа бағынған, бір бөлегі бастығы Қасым болып орысқа бағынбай, қазақ ыдырап кеткен» [3, 95].

Одан әрі С.Қазыбайұлы Қасымның жағдайына тоқталып, бәйбішесінен туған алты ұлдың бірі – Кенесары, ал тоқалынан Наурызбайды көргенін баяндайды. Х. Досмұхамедұлы сол кездің тарихи жағдайын былайша жазады: «Көкшетаудың жерін орыс алғанға долданып, Қасымды балаларымен бас қылып, арғынның алтай, Тоқа деген бөлімі, Уақ, Керей елдері Көкшетауды тастап, Шу бойына ауып келеді. Осы ел Шу бойында Қасымды хан көтереді» [3, 95].

Кенесары 1840 жылдар шамасында Торғай өңіріндегі Орта жүз бен Кіші жүз елдерінде әкесі мен туғандарына ас береді. Сонда жиналған ақсақал, билерге орысқа қарсы көтерілейік деп кеңес береді. Жиналған жұрт ақ киізге салып, Кенесарыны хан көтереді. Бірақ орыспен шектес отырып, оған қарсы шығуға күш жоқ екенін ескертіп, Кенесарыға өз күшіңді көтер, біз де сонда қосылармыз дейді. Кенесары бұл пікірді жөн көреді. Осы өңірде болған бес-алты жылда Кенесарыға ерген ел көбейеді. Сол жылдарда Кенесары орыс қалаларын шабады, өзіне бағынбай зекет бермеген елді талайды. Алайда бұл тар қоныста Кенесары баяндап тұра алмайды. Себебі қазіргі Торғай, Ырғыз қалаларының негізі салынып, орыс әскері көп төгіледі. Сондықтан Кенесары 1846 жылдары Қытаймен жақындасып, орысқа қарсы күресуге көмек алуды ойлап, Орта жүз бен Ұлы жүздің арасына қарай ығысып, Іле өзенінің Балқашқа құяр маңына келіп тұрақтайды. Қытай көмектеспек болады, бірақ нәтиже шықпайды. Ал осы өңірдегі Найман, Үйсін рулары алауыздық жасайды. Бірқатары тыныш отырып, орысқа бағынуды қалайды. Кенесарыға Саурық батыр бастаған Шапырашты руы көп көмек береді.

Кенесарыға енді Қырғыз елін өзіне қаратып, одан қоныс алып әрі күшін көбейтіп, қоқандықтарға орысқа қарсы күресу жөнінде ұсыныс жасап, Бекбатырды басшы етіп, оншақты елші жібереді. Алайда қырғыз елі ол елшілерді сыйламайды, Кенесарының талабын қабылдамайды. Содан әрі Кене Қырғызға өшігеді. 1846 жылдың қысында барымта-соғыс толассыз жүргізіледі. Кенесары қолына әр түрлі қашқан-пысқандар және Қоқандықтардан ығысқан Ташкент жағынан келген көп дулат қосылады.

Қырғыздардың Кенесарыға көнбеуіне орыс үкіметі дем береді. Орыс патшалығы Кенесарыға қарсы Аягөзден бастығы Нухалов дегенді жасауыл етіп, көп әскер жібереді. Осының салдарынан Кенесары Балқаш өңіріндегі қамалды тастап, Шуға ауып көшеді. 1846 жылдың күзінде Нухалов қырғыздың бастықтарына «Кенесары сендердің де, патша үкіметінің де дұшпаны. Патша үкіметі сіздерге жәрдемдеседі. Кенесарыға көнбеңдер, оны жойындар» деген негізде хат жазып, бір жағы орыстардан ығысып, екіншіден Кенесары әскеріне сенімсіздік танытқан төрелердің жігіттері Нухаловқа қосылып, одан әрі сол жерлерді мекендеген Үйсін, Найман елдері орысқа бағынып қалады.

Қиын-қыстау жағдайда орыстың теріс ықпалына бағынып, сатқындық жасағанын көрген Кенесары енді қырғыз елін өзіне қаратып, одан қоныс алып әрі күшін көбейтіп, қоқандықтарға орысқа қарсы күресу жөнінде ұсыныс жасап, Бекбатырды басшы етіп, оншақты

елші жібереді. Алайда қырғыз елі ол елшілерді сыйламай, Кенесарының талабын қабыл алмайды. Одан әрі Кене хан Қырғызға өшігіп, 1846 жылдың қысында барымта-соғыстар жүргізе бастайды.

Қырғыздың ханы Орман Ферғана мен Ыстық көлдегі қырғыздарға жар салып, 1847 жылы көктемде көп қолмен Кенесарыға Самсы асуы деген жерде қарсы шығады. Соғыс түске шейін созылады. Сол кезде қырғыздар қазақтармен астыртын сөз жүргізеді. Уақиғаның осы тұсын Х.Досмұхамедұлы былай баяндайды: «Дулаттың атақты Сыпатай деген биі мен Рүстем төрені өз жағына қаратып алған. Соғыстың нағыз қызып тұрған уағында бұлар Кенесарыға тіреу болған көп дулатты жібереді. Кенесарының қасында мыңнан кем қазақ, бес жүз мылтық қалған. Дулаттың бастықтары бастығы Сыпатай болып Кенесарының қасында қалған. Көп қырғыз Кекіліктің Сеңгір деген жерінде Кенесарыны қамап алған. Таудан аққан бұлақтың басын бұрып, қамаудағы қазақтарды қырғыздар сусыз қалдырған. Ассыз, сусыз үш күн соғысып, аты да, адамы да болдырып, төртінші күні Кенесары бүкіл әскерімен қырғыздың қолына түскен» [1, 83].

Қазақтың соңғы ханының ауыр күндерін ел мен жер үшін жан аямай күрескен Кенесары тағдырын Х.Досмұхамедұлы шындықпен баяндаған.

С.Қазыбайұлы Кенесарының қолға түсу жайын әңгімелеген Х.Досмұхамедұлының баяндауынан үзінді келтіре отырып, қазақтың соңғы ханын сатқисипаттайды. ндық жасап, ел тағдырын аяққа тапталғанын да ашына сипаттайды. Ұрыстың төртінші күні Шудың батыс жағына шығып, қол қалың батпақ кара суға тап болып, ат та, адам да ұймалап жүре алмай дымы құрып ұсталғанын, бірақ осы жайтқа орай Х.Досмұхамедұлының Сыпатайдың әскерді неліктен Шудың шығыс жағымен алып жүрмегеніне және қол тап болған Мықан батпағын оның білмегеніне шүбә келтіргенін, сөйтіп Сыпатайдан опасыздық жасалған деген күдікті аңғартқанынан хабардар етеді.

Одан әрі ерлігі аңызға бергісіз қос батырдың - Кенесары мен Наурызбайды қалай қаза тапқанын баяндайды. Кенесары қаза тапқан соң 1847 жылдың көктемгі мезгілінде Найманның Матай руы қырғыздарды шауып, Төрегелді деген манапты ұстағанын, қырғыздар патша үкіметінен көмек сұрап, сыйлыққа Кенесарының басын апарып бергенін, осы «еңбегіне» Сібірдің генерал-губернаторы, Сібір казактарының ұлы, бастығы князь Горчаков Қалығұл Әлібекұлына 1847 жылдың 15 шілдесінде қол қойып, мақтау қағаз һәм күміс медаль бергендігін баяндай келе, бірақ «Патша үкіметі Кенесарының басын қайда жібергені белгісіз» деген бүгінгі күнге дейін белгісіз боп келген, хан тарихының беймелім беттеріне тіреледі. Х.Досмұхамедұлы да тарихи еңбегінің қазақтың соңғы ханы Кенесары баянының беттерін де осы негізбен аяқтаған деп аяқтайды С.Қазыбайұлы мақаласының соңын.

С.Қазыбайұлының «Халел Кенесары жайлы» деп аталатын келесі мақаласында Абылай ұрпақтары тарихын кеңінен баяндайды. Ал Кенесарыға түскендегі баяндау жоғарыдағы мақалаға ұқсас келеді. Осыған орай біз бұл мақалаға тоқталмауды жөн көрдік.

С.Қазыбайұлы ақын-жыраулар мұрасын зерттеу ісін қазіргі таңдағы Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау мемлекеттік университетіне жұмысқа орналқаннан кейін, өзі талай жыл дәріс оқыған қазақ әдебиеті тарихының салалары сипатында дәріс оқи жүріп, көп жылғы тәжірибенің жемісі ретінде дамытты. Сонымен қатар Атырау өңіріндегі ақын-жыраулардың әдеби мұрасын жинау, жариялау сипатында алғаш қадам жасаған ғалым болды. Ғалым бұл жолда көне көз қариялардан және ел аузынан сол кезге дейін белгісіз болып келген қысқа өлеңдер шоғырын жинап, оның авторын іздестіріп, хатқа түсіріп жариялауда тындырымды және ізденімпаз «әдебиеттің жанашыр жинақтаушысы» болып, қазақ әдебиеті тарихын жаңа ақын-жыраулармен толықтыруға ілгері үлес қосты.

С.Қазыбайұлының тарих теперішінде болған Алаш қайраткерлерінің өмірі мен зерттеу еңбектеріне ерекше мән беріп, сол өткен ғасыр аяғындағы ақтаңдақ кезеңдерде ғылыми ортадан табылғаны белгілі. Дегенмен, ұстаз-ғалым еңбектерінде қазіргі таңда Атырау білім ордасының кара шаңырағы есімі иеленген Халел Досмұхамедұлының әдебиет тарихы саласындағы еңбектерін өзінше бағамдап, тарихи тұлғасын кеңінен танытуға күш салып, ғылыми айналымға енгізуде ерекше еңбек сіңірді деп айта аламыз.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазыбайұлы С. Әдебиет жайлы ойлар (Мақалалар жинағы) Атырау, 2014.-172 б.
2. С.Қазыбайұлының ғылыми-педагогикалық және әдеби мұралары. Құрастырушы: Х.Досмұхамедов таындағы Атырау мемлекеттік университетінің жалпы және халықтық педагогика кафедрасының оқытушысы Г.Жұбанғалиева.-Атырау, 2008.-282 б.
3. Халел Досмұхамедұлы. Таңдамалы. Алматы: Ана тілі, 1998.-384 б.